

Күндізгі оқу нысанында оқитын оқушылардың қала ішіндегі қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жүруі туралы

Күшін жойған

Қарағанды қалалық мәслихатының IV шақырылған XVI сессиясының 2008 жылғы 24 желтоқсандағы N 184 шешімі. Қарағанды облысы Қарағанды қаласы Әділет басқармасында 2008 жылғы 26 желтоқсанда N 8-1-85 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 2009 жылғы 23 желтоқсандағы N 301 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 2009.12.23 N 301 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 2 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 4 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заңының 6 бабының 4 тармақшасына сәйкес Қарағанды қалалық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Қарағанды қаласы оқушыларының келесі санаттарына қала ішіндегі қоғамдық көліктерде (таксиден басқа) жеңілдіктермен жүру 2009 жылға белгіленсін:

1) Қарағанды қаласының жалпы білім беретін оқу орындарының бірінші сыныптан сегізінші сыныпқа дейінгі оқушыларын қосып алғанда - тегін жүру (2009 жылдың 1 маусымынан 31 тамызына дейінгі жаз мезгілін алып тастағанда);

2) жалпы білім беретін оқу орындарының, лицейлер мен кәсіптік мектептердің тоғызыншы сыныптан он бірінші сыныпқа дейінгі оқушыларына, колледж оқушыларына (тоғызыншы сыныптың негізінде біріншіден екінші курсқа дейін) - құны 400 теңге тұратын оқушының жол жүру билетін сатып алғанда немесе қазіргі тарифтің 50 % төлеген жағдайда (2009 жылдың 1 маусымынан 31 тамызына дейінгі жаз мезгілін алып тастағанда);

3) барлық меншік түріндегі кәсіптік мектептер мен лицейлерде, колледждер (он бірінші сыныптың негізінде) мен жоғарғы оқу орындарының күндізгі оқу бөлімінде оқитын тұлғаларға құны 1300 теңге тұратын жол жүру билетін сатып алғанда немесе қазіргі тарифтің 50 % төлеген жағдайда (2009 жылдың 1 маусымынан 31 тамызына дейінгі жаз мезгілін алып тастағанда).

Ескерту. 1 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды қалалық мәслихатының 2009.04.29 N 215 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

2. Барлық меншік түріндегі Қарағанды қаласының жалпы білім беретін оқу

орындарында, кәсіптік мектептер мен лицейлерде, колледждер мен жоғарғы оқу орындарының күндізгі оқу бөлімінде оқитындардың келесі санаттарына қала ішіндегі қоғамдық көліктерде (таксиден басқа) жүруге жеңілдіктер 2009 жылдың жаз мезгілінде (1 маусымнан 31 тамызға дейін) сақталсын:

- 1) жетім балаларға;
- 2) ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларға;
- 3) дамуында мүмкіндігі шектелген балаларға;
- 4) жасынан мүгедек және мүгедек балаларға;
- 5) көп балалы отбасы балаларына;
- 6) ата-анасының бірінен айрылған балаларға;
- 7) жалғыз басты аналар балаларына.

3. "Шаруа (фермер) қожалықтарына және заңды тұлғаларға берілетін субсидиялар" 311 ерекшелігі, "Жергілікті өкілетті органның шешімі бойынша қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жүру" 100 кіші бағдарламасы бойынша, "Білім ұйымдарының күндізгі оқу нысанының оқушылары мен тәрбиеленушілерін әлеуметтік қолдау" 6.02.464.008 бағдарламасы бойынша 459 172 мың теңге сомасында Қарағанды қаласының 2009 жылға арналған бюджетінен қаржы бөлу қамтамасыз етілсін.

4. IV шақырылған Қарағанды қалалық мәслихатының 2007 жылғы 21 желтоқсандағы IV сессиясының "Күндізгі оқу нысанында оқитын оқушылардың қала ішіндегі қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жүруі туралы" N 50 шешімінің күші жойылды деп танылсын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі N 8-1-67, "Взгляд на события" газетінде 2008 жылғы 25 қаңтарда N 008 (337) жарияланған).

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау еңбек, әлеуметтік саланы дамыту және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша тұрақты комиссияға жүктелсін (төрағасы Аймағамбетов Асхат Қанатұлы).

6. Осы шешім 2009 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі.

*IV шақырылған Қарағанды
қалалық мәслихатының кезекті
XVI сессиясының төрағасы* *В. Долинский*

Қарағанды қалалық мәслихат хатшысы *Қ. Бексұлтанов*

Келісілді:

*"Қарағанды қаласының
білім бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы* *Ж. Жылбаев*

